

МЕТОДОЛОГИЯ - АНАЛИЗ - ПРОГНОЗЫ - РЕКОМЕНДАЦИИ

АГРОРЫЛЫҚ НАРЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ПРОБЛЕМЫ АГРО РЫНКА

№ 3 июль-сентябрь
2016

Аграрлық нарық проблемалары

ТЕОРЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

1994 ж. қазан айында
негізделген

Құрылтайшы -
Қазақ АӨК-нің экономикасы
және ауылдық аумақтарды
дамыту ҒЗИ

Бас редактор
Ғ.Ә. ҚАЛИЕВ

Бас редактордың
орынбасары
А.Б. МОЛДАШЕВ

Редакциялық-баспалау
кеңесі

Ғ.Ү. ӘКІМБЕКОВА,
Ш.Ү. ӘКІМБЕКОВА,
В.В. ГРИГОРУК,
Д.С. ЖАЙЫЛОВ
(Қырғызстан),
С.Т. ЖҰМАШЕВА,
Г.А. НИКИТИНА,
П.М. ПЕРШУКЕВИЧ
(Россия),
А.И. САБИРОВА,
П.Т. САБЛУК
(Украина),
А.С. САЙГАНОВ
(Беларусь),
С.В. САЛАХОВ
(Азербайджан),
М.И. СИГАРЕВ,
Ж.С. СҮНДЕТОВ,
И.Г. УШАЧЕВ
(Россия),
А.П. ШПАК
(Беларусь)

Аграрлық саясат: іс жүзіне асыру механизмі

А.Б. Молдашев Қазақстан АӨК-і: дамыту проблемалары және оларды шешуді іздістіру	7
Г.Ж. Доскеева, Ш.А. Смагулова, А.А. Садықов Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайын бағалау	14
М.А. Тлеужанова, А.Ж. Касенова, А.Б. Учкампинова Қазақстан аграрлық секторы және оның экспорттық мүмкіндіктері	22
Г.К. Турысбекова, Э.С. Алимкулова Қазақстан Республикасы АӨК-ін дамытудағы инновациялық процестер	30
Ғ.Е. Керімбек, Р.Б. Сартова, Д.З. Айғужинова Агроөнеркәсіптік өндірістің бәсекелестік қабілетін арттыру проблемалары	35
Н.Е. Dabyltaeva Аграрлық секторды дамытудың институциональды аспектілері	39

Шаруашылық жүргізудің экономикалық механизмі

Г.А. Қожахметова, А.М. Бержанова ДСҰ жағдайындағы Қазақстан АӨК мемлекеттік қолдау шаралары	44
Н.А. Умбеталиев Қазақстан Республикасы аграрлық секторын мемлекеттік реттеу	50
Ф.А. Шуленбаева, Ю.А. Хан, А.К. Дарибаева Қазақстан аграрлық саласындағы сақтандыру жүйесін дамыту	56
К.А. Сарханов Жеке қосалқы және үй шаруашылықтарын дамыту болашағы	63
Б.С. Мырзалиев, Ғ.Ғ. Шінет Жұртшылық шаруашылықтарының ролі және олардың Оңтүстік Қазақстан облысындағы даму ерекшеліктері	67
Г.М. Аубакиров Үй шаруашылықтары қызметінің мониторингі және олардың жіктелуі	74

Азық-түлік өнімдері рыногы

А.К. Dzhusibaliyeva Етті қайта өңдеу кәсіпорындарының бәсекелестік қабілетін бағалау көрсеткіштері	81
Г.Я. Гусева, Н.В. Гусев Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша қой шаруашылығын дамыту мен орналастыру тиімділігіне әсер етуші экономикалық жағдайлар және факторлар	88

Проблемы агрорынка

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Основан в октябре 1994 г

Учредитель -
Казахский НИИ экономики
АПК и развития сельских
территорий

Главный редактор
Г.А. КАЛИЕВ

Заместитель главного
редактора
А.Б. МОЛДАШЕВ

Редакционно-
издательский совет:

Г.У. АКИМБЕКОВА,
Ш.У. АКИМБЕКОВА,
В.В. ГРИГОРУК,
Д.С. ДЖАИЛОВ
(Кыргызстан),
С.Т. ЖУМАШЕВА,
Г.А. НИКИТИНА,
П.М. ПЕРШУКЕВИЧ
(Россия),
А.И. САБИРОВА,
П.Т. САБЛУК
(Украина),
А.С. САЙГАНОВ
(Беларусь),
С.В. САЛАХОВ
(Азербайджан),
М.И. СИГАРЕВ,
Ж.С. СУНДЕТОВ,
И.Г. УШАЧЕВ
(Россия),
А.П. ШПАК
(Беларусь)

СОДЕРЖАНИЕ

Аграрная политика: механизм реализации

А.Б. Молдашев АПК Казахстана: проблемы развития и поиск их решения	7
Г.Ж. Доскеева, Ш.А. Смагулова, А.А. Садыков Оценка современного состояния сельского хозяйства Республики Казахстан	14
М.А. Тлеужанова, А.Ж. Касенова, А.Б. Учкампинова Аграрный сектор Казахстана и его экспортные возможности	22
Г.К. Турысбекова, Э.С. Алимкулова Инновационные процессы в развитии АПК Республики Казахстан	30
Ғ.Е. Керімбек, Р.Б. Сартова, Д.З. Айғужина Проблемы повышения конкурентоспособности агропромышленного производства	35
Н.Е. Dabyltaeva Институциональные аспекты развития аграрного сектора	39

Экономический механизм хозяйствования

Г.А. Қожахметова, А.М. Бержанова Меры государственной поддержки АПК Казахстана в условиях ВТО	44
Н.А. Умбеталиев Государственное регулирование аграрного сектора Республики Казахстан	50
Ф.А. Шуленбаева, Ю.А. Хан, А.К. Дарибаева Развитие системы страхования в аграрной сфере Казахстана	56
К.А. Сарханов Перспективы развития личных подсобных и домашних хозяйств	63
Б.С. Мырзалиев, Г.Ғ. Шінет Роль хозяйств населения и особенности их развития в Южно-Казахстанской области	67
Г.М. Аубакиров Мониторинг деятельности домашних хозяйств и их классификация	74

Рынок продовольственной продукции

А.К. Dzhusibaliyeva Критерии оценки конкурентоспособности мясоперерабатывающего предприятия	81
Г.Я. Гусева, Н.В. Гусева Экономические условия и факторы, влияющие на эффективность развития и размещения овцеводства по регионам Республики Казахстан	88

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІСТІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН
АРТТЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
АГРОПРОМЫШЛЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

ISSUES OF IMPROVEMENT OF COMPETITIVENESS OF
AGRICULTURAL PRODUCTION

Ғ.Е. КЕРІМБЕК¹

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Р.Б. САРТОВА²

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Д.З. АЙГУЖИНОВА²

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

¹Қазақ технология және бизнес университеті

²С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Аңдатпа. АӨК-інің инвестициялық тартымдылығына, өндіріс тиімділігіне және халықтың өмір сүру сапасына әсер етуші проблемаларды оңтайлы дамытумен байланысты мәселелер қарастырылған. Агроқұрылымдардың инновациялық қызметінің негізгі бағдарларына және оның нәтижелеріне ерекше көңіл бөлінген. Әлемдік трендтерге қатысы бойынша Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуына салыстырмалы баға берілген.

Аннотация. Рассмотрены проблемы, связанные с рациональным развитием производственной и социальной инфраструктуры АПК, оказывающей влияние на его инвестиционную привлекательность, эффективность производства и качество жизни населения. Особое внимание акцентировано на основные базисные направления инновационной деятельности агроформирований и ее результирующие аспекты. Выполнена сравнительная оценка развития сельского хозяйства Казахстана по отношению к мировым трендам.

Abstract. Issues related to rational development of AIC production and social infrastructure, which has impact on its investment attractiveness, production efficiency and population life quality have been considered. Particular attention is focused on basic directions of innovative activity of agribusinesses and its results. The comparative assessment of agricultural development in Kazakhstan in relation to global trends has been conducted.

Түпқалы сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, нарықтық қатынастар, инвестициялық процесс, өсімдік және мал шаруашылықтарына инвестициялар, әлемдік трендтер, мақсатты үлгі, әлеуметтік статус.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, рыночные отношения, инвестиционный процесс, инвестиции в растениеводство и животноводство, мировые тренды, целевая модель, социальный статус.

Keywords: agri-industrial complex, market relations, investment process, investment to crop production and livestock production, world trends, target model, social status.

Бәсекелестікке аграрлық қабілетті өндірісті дамыту және Қазақстан халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиция көлемін көбейту арқылы инновациялық механизмді енгізу қажет, атап айтқанда:

- прогрессивтік ресурс сақтаушы тех-

нологияларды енгізуге мүмкіндік беретін жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу;

- мал шаруашылығы кешендерін салу;

- технологиялық жабдық пен арнайы техниканы сатып алу.

Аграрная политика: механизм реализации

Аграрлық салаға инновацияларды кеңінен енгізуге қарсы болатын проблемаларды бірнеше блокқа топтауға болады. Ұйымдық-құқықтық проблемалар инновациялық саясатты реттеуші қолданыстағы нормативтік-құқықтық негіздің болмауымен шарттасады. ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы инновациялық қызмет мәселелерін реттеуші негізгі құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық ережелерден тұрады [1].

ҚР-да инновациялық қызметті қолдау инновациялық әлеуетті дамытуға, жалпы ішкі өнім құрылымында жоғары технологиялы өнім үлесін арттыру, Қазақстан Республикасы экономикасының ғылымды көп қажет ететін технологияларды енгізу мен пайдалануға негізделген

инновациялық даму жолына көшуге жәрдемдесуге бағытталған. Ол инновациялық қызметті жүзеге асыру, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау кезінде инновациялық қызмет субъектілерінің теңдiгiн қамтамасыз ету, инновациялық қызмет субъектілерінің тұрақты өзара әрекетін қамтамасыз ететін кешенділік пен жүйелілік шаралары кезінде ұлттық мүдделерді сақтау жолымен жүзеге асырылады [2].

2011-2015 жж аграрлық өндірісті дамытуға барлығы 904 млрд теңге инвестиция салынды, соның ішінде ауылшаруашылық техникасын сатып алуға – 744 млрд теңге (82,3%), мал шаруашылығы объектiлерiн салуға – 150 млрд теңге (16,7%) (1-кесте).

1-кесте. 2011-2015 жж. Қазақстан Республикасы аграрлық өндірісінің инновациялық дамуын ескеру және инвестиция көлемін болжау

Негізгі құралдар	Техника мен жабдық бірлігінің бағасы, млн теңг	Техника мен жабдық, өндірістік құрылыс саны, бірлік	Инвестиция көлемі, млн теңге		
			барлығы	соның ішінде	
				меншікті қаражат	лизинг
Ауыл шаруашылығы техникасы					
Тракторлар	5,9	435000	206500	101900	104600
Астық комбайндары	18,3	150000	274500	131760	142740
Егу кешендері	50,2	3000	150600	72290	78310
Дестелегіштер	0,7	1900	1330	638	692
Басқа техника			111500	53520	57980
Жиыны			744430	360108	384322
Құрылыс					
Сүт-тауар фермасы	1823	20	36460	17500	18960
Бордақылау алаңдары	1694	25	42350	19060	24190
Құс фабрикалары	2699	10	26990	12145	14845
Қолданыстағы құс фабрикалары желісін құру және дамыту	590	10	5903	2656	3247
Мал соятын цехтар	46	45	2070	930	1140
Ет комбинаттары	1018	8	2144	3664	4480
Етті қайта өңдеу кешендері	1345	8	10760	4840	5920
Етті қайта өңдеу цехтары	41	60	2460	1100	1360
Шұжық цехы	85	45	3825	1870	1955
Шошқа кешендері	1350	4	5400	2430	2970
Шаруашылық-репродукт	1200	4	4800	2160	2640
Жүн өндіру және қайта өңдеу			1200	68869	696
Малшаруашылығы бойынша жиыны		15	150362	52749	81493
Жылыжайлар және жылыжай кешендері	407	10	6110	3055	3055
Көкөніс сақтау орны	148		1480	740	740
Тамшылы тазарту			2073	870	123
Жиыны			9663	4665	4998
Барлығы			904455	433642	470813

Есеп көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді жұмыс істеуі үшін 35 мың трактор, 15 мың астық комбайнының, 3 мың егу кешенін, 1,9 мың дестелегіш сатып алу қажет. Қаржыландырудың негізгі көздері ауыл шаруашылығы өндірушілерінің меншікті қаражаты және лизинг (қарыз қаражат) болып табылады. Барлығы, болжам есептеулер арқылы өсімдік шаруашылығындағы инвестициялар көлемі жалпы көлемнің 684 млрд теңге (75,6%), малшаруашылығында – 220 млрд теңге (24,4%) құрайды.

Тұтастай алғанда Қазақстанның барлық шаруашылық ету субъектілері бойынша ауыл шаруашылығындағы инвестицияның жалпы көлеміндегі меншікті қаражаттың үлес салмағы 48,6% құрайды, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудағы меншікті қаражаттың үлес салмағы – 49%.

Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмі аталмыш сала кәсіпорындарының нәтижелі жетістікке жету жолында атқаратын іс-әрекеттері арқылы сипатталады. Дұрыс таңдала білген механизм сала кәсіпорындарының нарықтағы бәсекелестерінен ұзақ уақытқа ұтымды жағдай жасауына негіз болады. Ауылшаруашылық салаларының қызметтерінің бәсекелік қабілетін арттыру нарықтық сұраныс пен ұсыныстың жалпы жағдайына, қоғамның дамуына, адамзат мәдениеті мен ой санасына, қауіпсіздік пен эстетика, экология талаптарына сонымен қатар сала кәсіпорындарының мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс.

Экономиканың аграрлық секторының дамуы, сол саланың өндірістік және оның пайдалылығы, өндірісті қалыптастыру мен модернизациялаудың талабын, институционалық және өндірістік құрылымның қаржылық, инвестициялық, сақтандыру, ақпараттық институттар мен салалық кластерді, сонымен қатар өнімдердің сапасын және қауіпсіздігін халықаралық деңгейге сәйкес дамуына әсер етеді.

Агробизнес құрылымының регионалдық қалыптасуы, технология деңгейін көтеру, ауылшаруашылық өндірісін маркетингтік стратегияға өткізу, ішкі нарықта импорттық өзгерістерді мақсатын шешу, осы саланың негізгі өзекті мәселесі болып табылады.

Нарықта ауыл шаруашылығының экономикасын тұрақтандыру және оның өндіріс деңгейін арттыру бірқатар кезеңдерден қалыптасуда.

Ауылшаруашылық өндірісінің өнім көлемінің артуы, оның саралануы мен тауар өндірушілердің құралдары мен ауыл шаруашылығының техникалары басты бақылауға алынуда.

Нарықтық қатынастың дамуында ауыл және оның ДСҰ-на етуіне байланысты при-

оритеттік және ұлттық бәсекелестіктің маңыздылығы арта түсті. Аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде оның негізгі аграрлық өндірісі мен ауылшаруашылығы негізгі өнім түрлерінің тиімділігін арттыру болып табылады.

Агроөндірістік кешені саласының пайда табу жолдарын арттыру үшін өндірушілік және тиімділік жағдайлардың дамуының қаржылық, инвестициялық, сақтандыру, ақпараттық институттар мен кластерді қалыптастыру, сонымен қатар тауар сапасы мен қауіпсіздігін халықаралық деңгейге сәйкестендіру қажеттілігін арттыру қажет.

Негізгі капиталға инвестициялар аграрлық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық механизмді енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, ҚР АШМ болжамдары бойынша ауыл шаруашылығы өнімін, ең алдымен, мақта-шикізатын өндіруге тамшылы тазарту пайдалану алаңы 2000-гектардан 4000 га дейін ұлғайтылады. Бұл егістікті пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал етеді: ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі артады және өнім өндіруге шығындар төмендейді.

Тамшылы тазарту 5-10-нан 1,5-4 мың м³ дейін суармалы суды тұтынуды үнемдеуге көмектеседі, минералдық тыңайтқыштар, ауыл шаруашығы техникасы және жанар-жағар май материалдары бойынша шығындарды 2 есеге азайтады.

Күздік пішенді өндіру кезінде ресурс сақтаушы тұрақты борадалау (тазарту) технологиясын енгізу, дәстүрлі тазартумен салыстырғанда өнімді 2 ц-ге арттыруға көмектеседі, астықтың өзіндік құны 18,9% төмендейді. Тәлімі жерге егу кезінде (егіс алдындағы дискілеу) дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда өнімділік 3 ц артады, ал өзіндік құн 12,7% төмендейді, мақта сәйкесінше 5 ц және өзіндік құны – 11,3%. Ауылдық тауар өндірушілердің машина-трактор паркін жаңғырту өте төмен. Астық жинау, жем-шөп жинау және басқа техникаға маусымдық жүктеме нор-мативтіктен 2,5-3 есеге артады. Осының салдарынан шаруашылық егіс алқаптарын қысқартады, қарапайым төмен пайдалы технологияға көшеді, бұл өнімділіктің төмендеуіне және ауыл шаруашылығы өніміне шығындардың көбеюіне әкеледі. Мұндай жағдайдың нәтижесі ауылдық тауар өндірушілерде жаңа техниканы сатып алуға ақшалай ресурстың жоқтығы болып табылады. Жыл сайын жағдай өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өніміне бағаның 7 есеге дейін өсуі салдарынан қиындай түседі.

Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін техникалық жабдықтау мен ауылшаруашылық машина жасауды дамытудың басым бағыттарын ұсынылған:

- ТМД елдерінің машина жасау кәсіпорындарымен бірлесіп отырып шынжырлы және дөңгелекті тракторлар, астық жинау және жем-

шөп жинау комбайндарын шығаруды ұйымдастыру;

- Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу мен жинау үшін дымқыл ресурсты сақтаушы технологиялар жүйесінде топырақ қорғаушы машиналар кешені өндірісін әзірлеу және ұйымдастыру;

3 - мал шаруашылығын қажетті энергетикалық құралдармен және технологиялық үдерістерді механикаландыру үшін машиналар мен техникалық жабдықтау және әзірлеу;

- ауылшаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеу үшін жоғары технологиялы машиналар, жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндіруді әзірлеу мен ұйымдастыру [3].

Саланы техникалық қайта жабдықтаудың перспективтік бағыттарының бірі ауылшаруашылық техникасы, машиналар мен жабдықтар, ауылшаруашылық жануарларының лизингі болуы тиіс. Лизинг артықшылықтарына жататындар:

- коммерциялықпен салыстырғанда несиелеудің анағұрлым тиімді шарттары (қарыз пайызы төмен, қосымша техникалық қызмет көрсету, қайта несиелеу мүмкіндігі);

- келісіммен қамтамасыз етуде өздігінен жабдықтау қызмет атқарады;

- лизингтік келісім қарызға қарағанда анағұрлым икемді (төлемдер ай сайын, тоқсан сайын т.б. болуы мүмкін);

- жабдықтың ескіру қаупі тұтастай өзінің жабдықтар паркін үнемі жаңғырту мүмкіндігіне ие лизинг берушіге тиесілі;

- лизинг арқасында уақытша босатылған ақшаны лизинг алушы басқа мақсаттарға қолдана алады;

- салық заңнамасы лизинг берушіге салық салығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Астық жинау комбайндары мен тракторларды оңтайлы уақытта сатып алу агротехникалық жұмыстар жүргізуге және тұтастай ғылыми негізделген технологияларды енгізуге, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мүлкті лизинг алушыға қаржы лизингіне беру келесі талаптарға жауап беруі тиіс: шарт кезеңі бойына тіркелген баға бойынша анықталады; қаржы лизингінің мерзімі қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік қызметінің 80% артауы керек; лизингтік төлемдердің ағындағы (дисконтталған) құны лизингтің барлық мерзімі ішінде мүлік құнының 90%-дан артық болмауы тиіс. Сонымен қатар, 3 жыл ішінде көкөніс сақтау желісін (жалпы сыйымдылығы шамамен 75 мың т) жасау жоспарлануда, оның қуаттылығы оларға деген қажеттілікті 26% төмендетуге мүмкіндік береді.

Биязы жүнді қой басын көбейту және олардың үлес салмағын 2015 жылы 35%-ға дейін (қазіргісі 26%) жеткізу жоспарлануда.

Инвестициялық қызметтің негізгі бағыттары:

- ауылшаруашылық машина жасау (ауыл шаруашылығы техникасын шығаруды көбейту, тракторлар мен аспалы жабдықтар өндірісін ұйымдастыру), елдің ірі облыстарында ауылшаруашылығы техникасын іске асыру мен қызмет көрсету бойынша сауда сервистік орталық желілерін құру.

- агроөнеркәсіптік кешенде кем дегенде 20 ірі жобаны іске асыру (мал шаруашылығы кешендері, құс фабрикалары, жылыжайлар, сүт-тауар фермалары, ет комбинаттары, нан-бөлке өнімдерін өндіру зауыты, сұрыптық тұқымдық мақта материалын шығару зауыты).

- аграрлық салаға ірі ауқымды инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасау және мемлекеттің қаржы институттарымен өзара байланысты жалғастыру.

Сонымен қатар, экономиканың іргелес салаларын дамыту қажет, атап айтқанда, минералдық тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын, ветеринарлық препараттар өндірісі, диагностикалар, ауыл шаруашылығы техникасы, оларға және отандық өндіруші кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсету, ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдық лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін демеу-қаржыландыру;

- инвестицияны ынталандыру (агроөнеркәсіптік кешенді демеу-қаржыландыруды жалғастыру; агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелеу және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықпен қамтамасыз ету кезінде пайыздық мөлшерлемені арзандату; тұқым шаруашылығын дамыту; мал шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыру; өсімдік шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, басым дақылдарды өндіруді демеу-қаржыландыру жолымен жанар-жағар май материалдары мен көктемгі-дала және жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандату; отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне тыңайтқыштар (органикалықты қоспағанда) құнын арзандату; ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылығы дақылдарын отандық өндірушілер өндірген гербицидтермен өңдеуге шығындарды арзандату; ауылшаруашылық өнім өндірісі мен нарығын басқару жүйелерін дамыту; асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту).

Ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қолдауда жеңілдік несиелеу және микро-несиелеу, ауыл шаруашылығы техникасы, арнайы техника және технологиялық жабдық лизингін дамыту, агроөнеркәсіптік кешенде сақтандыру жүйесін дамыту, ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алуларда қазақстандық ұстау үлесін көбейту арқылы кеңейтілуі тиіс.

Аграрная политика: механизм реализации

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2003–2005 годы // Правительственный бюллетень, № 3 (3), сентябрь-октябрь. – Астана, 2002. – 495 с.

2 Доцанова А.И. Қазақстан аграрлық секторындағы мемлекеттік реттеу // Аграрлық нарық проблемалары. – 2014. – №1. – С. 15-25.

3 Нұрғалиева А.А., Мусина А.Ж., Нұрғалиев Е.А. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері // Аграрлық нарық проблемалары. – 2014. – №2. – С. 20-23.

Pajdalanylğan әdebietter tizimi

1 Gosudarstvennaja agroprodovol'stvennaja programma Respubliki Kazahstan na 2003–2005 gody // Pravitel'stvennyj bjulleten', № 3 (3), sentjabr'-oktjabr' – Astana, 2002. – 495 s.

2 Doshhanova A.I. Қазақстан аграрлық секторындағы мемлекеттік реттеу // Agrarlyq naryq problemalary. – 2014. – №1. – S. 15-25.

3 Nyrgaliev A.A., Musina A.Zh., Nyrgaliev E.A. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері // Agrarlyq naryq problemalary. – 2014. – №2. – S. 20-23.

UDK 330. 65.011

INSTITUTIONAL ASPECTS OF AGRICULTURAL SECTOR DEVELOPMENT

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ДАМУ ТУРА ИНСТИТУЦИОНАЛЬДЫ АСПЕКТІЛЕРІ

ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ АГРАРНОГО СЕКТОРА

N.E. DABYLTAEVA

candidate of Economic Sciences
Al-Farabi Kazakh National University

Abstract. The issues of development of agri-industrial complex have been identified due to high importance of institutional environment for development of rural areas and agricultural sector. Theoretical developments that allow considering of changes in institutional economic structure aimed to increase its effectiveness gain special importance. Account of institutional factors allows to determine level and possibility of acceleration of socio-economic development.

Аңдатпа. Ауылдық аумақтар мен аграрлық секторды дамыту үшін институциональды ортаның жоғары мәнділігіне байланысты агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың проблемалары анықталған. Экономиканың тиімділігін арттыру мақсатында оның институциональды құрылымын есепке алуға мүмкіндік беретін теориялық дайындамалардың ерекше мәні бар. Институциональды факторларды есепке алу әлеуметтік-экономикалық дамудың деңгейі мен жеделдету мүмкіндіктерін анықтауға жағдай жасайды.

Подписано в печать 28.09.2016 г.
Формат 60x84 1/8
Бумага офсетная №1
Заказ № 176
Цена договорная

ПРОБЛЕМЫ АГРОРЫНКА

Адрес редакции:
050057, г. Алматы,
ул. Сатпаева 30 «б»
Тел.: 245-35-87; 245-36-20
Факс: 245-36-07
E-mail: kazniiapk@mail.ru
www.agroeconom.kz

Объем 17,6 усл. п.л.
15,7 уч. изд. л.
Тираж 300 экз.